

ӘОЖ:378.147:070

ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙДА АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Анапияева Жанар

tairbekovna.zhanar99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-А.И. Омарбекова

Ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларды әлеуметтендіру мәселесі барлық кезеңдерде өзекті болды, ал қазіргі кезеңде ол өте өткір қойылып отыр. Себебі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында балалар үйінің тәрбиеленушілері ерекше осал жерде қалып отыр. Сондықтан да осы категориядағы балалардың тағдыры, әлеуметтенуі мен қоғамнан өз орнын алуы мемлекетіміздің басты назарына алынуда. Жетімдік баланың қоршаған ортамен, ересектермен және өз құрдас-құрбыластарымен сезімдік байланыстарын бұзатын фактор әрі оған қосымша денелік, психологиялық және әлеуметтік дамуында да терең тежеу тудырады.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың проблемалары әр түрлі саладағы зерттеуші-ғалымдардың - дәрігерлердің, психологтардың, педагогтардың, философтардың, социологтардың назарын аударып келеді және аударуда. Мұндай балалардың проблемаларын зерттеуді төрт топқа бөлуге болады. Біріншіден, балалар үйінің нақты тәжірибесіне кешенді талдау жасауға арналған бірқатар жұмыстар пайда болды (Г. Ананьева, А. Андреева, Н. Анохина). Екіншіден, балалар үйінің тәрбиеленушілерінің психологиялық бейімделу кезіндегі проблемалары белсенді түрде зерделенді. Шетелдік психологтар (А. Адлер, А. Фрейд, Й. Лангмейер, З. Матейчик) жабық үлгідегі мекеме жағдайларындағы баланың жеке тұлғасының дамуы және аналық жылу мен аялаушылық жетіспейтін балалар проблемаларын жою жолдарын іздестірді. Үшіншіден, балалар үйі тәрбиеленушілерінің депривация проблемаларына ресейлік зерттеушілер

И.В.Ежовтың, Ю.А. Евдокимовтың, И.В. Дубровинаның, А.М. Прихожанның, Н.Н. Толстыхтың, Т. Войтенконың еңбектері арналды. Төртіншіден, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтену проблемаларын өз еңбектерінде И.С. Кон, Л.М. Шипицына зерттеді. Олар жетім баланың әсіресе, интернаттық мекемелердің көмегі арқылы жасөспірімдердің әлеуметтену тетіктерінің қалыптасуын атап

көрсетеді [1, 5 б.].

Ал Қазақстан Республикасында балалар үйінде тәрбиеленуші ата-ана қамқорлығынан айрылғандардың тұлғалық әлеуметтенуін З.А. Зубайраева, құндылықтарға бағдарлануын И.Т. Серимбетова, жоғары мектепке бейімделуін Г.А.Дусманбетов, әлеуметтендірудің психологиялық аспектілерін Ш.Н.Закарьянова, әлеуметтік-психологиялық қызметті ұйымдастыруды М. Әуренова, шығармашылық қабілеттерін дамытуды Н.Ү. Бегалиева және т.б. зерттеген.

Ата-анасының қарауынсыз қалған балалар тобына жетім балаларды (жетім, әлеуметтік жетім); қараусыз қалған және қаңғыбастыққа түскен балаларды жатқызамыз. Балалар үйлеріндегі балалардың көбісі өмірдегі ең басты нәрсе – ата-аналар қамқорлығы мен махабатынан айырылғандар. Олардың көбісі «жанұя», «үй», «әке», «ана» деген ұғымдарды түсінбейді. Бұл ұғым-сөздерді білмеу ең балалар үйі жағдайындағы ұйымдасқан тәрбие процесіне өте көп мәселе тудырады. Бұл жағдайда жетімдер үйі, мектеп-интернаттарда жүргізілетін түзету тәрбиелік жұмыстардағы ең басты фактор баланың әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыруға көмектесетін ізгіліктік, яғни адамгершілік ортасын құру факторы болып табылады. Балалық әлемін жақсы біліп, түсінетін адам ғана нағыз тәрбиеші екендігі баршаға аян, ал оның педагогикалық тактісі тек қана педагогикалық біліммен ғана шектеліп қоймайды, әрі интуицияның болуымен, әрбір баланың жүрегіне шеберлікпен жол табуда ерекше әдістерді меңгеріп қолданумен де анықталады. Баланың әділдігі, адамгершілігі, сыйластығы – дұрыс тәрбиенің негізгі шарттары осылар, әсіресе жетім-балаларда осы жеке және әлеуметтік қорғансыздығы жас қосқан сайын өткір бола түседі. Осы тұрғыда, дәстүрлі қазақ қауымында қатал тағдырдың жазуымен жетім қалғандарды ағайындары жан-жақтан қамқорлыққа алып, мейірбандық танытқаны баршаға мәлім. “Жетімді жылатқанның жеті атасына қарғыс кетеді”, “Жетім көрсең жебей жүр” деген нақыл сөздер ұлтымыздың болмысын, бауырмал, балажан қасиетін айқындап көрсетеді. Ауыл ақсақалдары “пәлен елде пәленше деген жетім азап көріпті” дегенді елге намыс, сүйекке түскен таңба санаған.

Қазақтың ата заңы “Жеті Жарғыда” жесір дауына жеке бір тарау арнауында үлкен мән бар. Мәселе, рулық қауымның жесір әйелді әмеңгерлік жолмен күйеуінің туысына қосуда емес, оның астарында әкесінен айырылған балаларды жетімдік азабынан құтқару, ағайынның қамқорлығына алу идеясы жатыр.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни, олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Өртүрлі жағдайларға байланысты ата-ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігінен тыс қалғандардың мәселелері өзекті болып отыр. Бұл мәселе «Қазақстан-2030 Даму Стратегиясына» сай жетім балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан әрбір ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші ұлттық факторы деп көрсетілген [2]. Сонымен қатар, жылдан - жылға олардың санының артып жатқандығы да құпиясы емес.

Жетімдер үйінде тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдерге тек психологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік педагогикалық білімдер, жұмыстар жүйесінің, ақпараттық көмектің қажеттігі заман сұранысымен дәлелденіп отыр.

«Жетім балаларды әлеуметтендіру» сөзінің мағынасын Қазақстандағы балалар үйі мен ондағы жетім балаларды әлеуметтендірудің жай-күйін сараптау арқылы түсіндіруге болады. “Жетім” ұғымының анықтамасына келетін болсақ, бұл да бір тарихи сипатқа ие термин.

Кесте 1. Қоғамдағы «жетім» ұғымының анықтамасы (кезеңдер бойынша)

X–XIV ғғ.	Жетім – кедей шаруа балалары	Жетім ұғымы «шаруа» ұғымымен қатар феодалдарға қарама-қарсы атау ретінде қолданылады
XIV–XVIII ғғ.	Жетім – ата-анасы жоқ балалар	Жетім балаларды көбінесе төменгі сатыдағы адамдар деп санаған

XIX–XXI ғғ.	Жетім – ата-анасы немесе шешесі (немесе әкесі) қайтыс болған 18 жасқа толмаған бала	Кәмелет жасына дейін мемлекет қамқорлығындағы және одан кейін тиісті заң бойынша белгіленген жеңілдікті пайдаланушылар
а) таза жетім	ата-анасы қайтыс болған балалар	
б) әлеуметтік жетім	Белгілі бір себептерге байланысты ата-ана құқығынан айрылғандардың балалары немесе тастанды балалар	

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, соңғы жылдары ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны қарқынды өсуде, әсіресе, әлеуметтік жетімдер саны көбейіп келеді. Жетімдер үйіндегі балалардың 95%-ы әлеуметтік жетімдерді құрайды. Осындай тағдыр тәлкегіне тап болған бүлдіршіндер, жасөспірімдер балалар үйлері, психологиялық-педагогикалық реабилитациялық орталықтар, дағдарыс орталықтары, уақытша пана мекемелерінде тәрбиеленеді. Бұл мекемелерде балаларға бірдей талап қойылып, нәтижелері де бірдей болуын көздегендерімен, әр түрлі көрсеткіштерге ие. Сонымен қатар, көбіне белгілі бір жасқа дейін сол мекемелер көлемінде ғана қарым-қатынасқа түсетіндіктерінен қоғаммен бетпе-бет тікелей келгенде көпшілігі тығырыққа тіреледі. Яғни, олардың әлеуметтендірулері де осы тұрғысынан ерекшеленеді [3].

Қазақстан Республикасында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды кәмелетке толғанша мемлекет тікелей қамқорлығына алады, сондай-ақ кәмелетке жеткеннен кейін де олардың жоғары оқу орындарына қабылдануына, жұмысқа орналасуына, баспанамен қамтамасыз етілуіне заңдарда белгіленген негіздерде түрлі жеңілдіктер көрсетіледі [4, 121-122 бб.].

Қазіргі уақытта республикамызда мемлекет жәрдеміне мұқтаж балаларға көмек беруге арналған 660 интернаттық мекемелер бар. Оларда 79 мыңнан астам балалар тәрбиеленіп жатыр. Олардың ішінде: жалпы және санаторлық үлгідегі мектеп-интернаттарда – 37 541 бала, мектеп жанындағы интернаттарда – 15 096 бала, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларға арналған балалар үйлері мен мектеп-интернаттарда – 12 574 бала, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған оңалту мекемелерінде – 12 599 бала, девианттық мінез-құлықты балаларға арналған ерекше тәрбиелеу жағдайларын қажет ететін балалар мен жасөспірімдерге арналған мектеп-интернаттарда – 884 бала, отбасы үлгісіндегі балалар ауылында – 281 бала, отбасы үлгісіндегі балалар үйінде – 247 бала тәрбиеленуде. 1991 жылы небәрі 42 балалар үйі болса, қазір олардың саны 70-ке жетіп отыр [3].

Дегенмен, соңғы жылдары көп қалаларда түрлі бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін әлеуметтік мекемелердің құрылғанына, әрі құрылып жатқанына қарамастан, бұл біз үшін - оң жаңалық. Бұл мекемелер бір-бірінен аты жағынан ғана емес, сондай-ақ қызмет көрсету сипаттары, жұмыс жүргізілетін балалар құрамы, құқықтық-ұйымдастырушылық формалары, шешілетін мәселелері жағынан да ерекшеленеді. Олардың біреулері қарқындап дамып, білім беру, тәрбиелеу мекемелерінің қатарынан нық орын алса, енді біреулерінің болашағы күнгірт, тұрмысқа икемсіздеу. Шын мәнісінде, балалық шақты әлеуметтік-психологиялық қолдауды ұйымдастырудың барынша ықтималды және тиімді жолдарына «табиғи сұрыпталу» жүруде.

Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға жасөспірімдер үйі жағдайында әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету тәжірибесінде, әлеуметтік психология теориясына кереғар, бірнеше қайшылықтарды атап көрсетуге болады. Олар:

- қазіргі заманғы Қазақстанда жетім балалардың көбеюі мен мұндай балаларды әлеуметтендірудің (өмірге бейімдеудің) нәтижелілігін қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар мен амалдардың жеткіліксіздігі арасындағы қайшылықтар;

- жасөспірімдер үйінде тәрбиеленушілердің әлеуметтенуіне көмектесетін тиімді технологияларға деген мұқтаждық пен бұл саладағы әдістемелік әзірлемелердің аздығы аралығындағы қайшылық;

- жасөспірімдер үйі жағдайында жетім балаларды қолдау мен оларға жәрдемдесудің кешенді тәсілдерінің қажеттілігі және мұндай әдістемелік технологияның жеткіліксіздігінің арасындағы қайшылық;

- жасөспірімдер үйіндегі жағдайдың ұйымдастырылуы мен балалармен жұмыс істейтін мамандардың әлеуметтендіру үдерісін қамтамасыз етуде ол жағдайларды тиімсіз пайдалану аралығындағы қайшылықтар [4, 15 – 18 бб.].

Толғағы жеткен осынау проблемаларды зерттеудің маңыздылығы – балалар үйі жағдайында әлеуметтендіру, өмірге бейімдеу үдерісінде жетім балаларға қолдау көрсетудің психологиялық жағдайларды жетілдірудің өзектілігін арттырады.

Жетім ұғымымен қатар кейінгі кезде «әлеуметтік жетім» ұғымы қолданыста бар. Әлеуметтік жетім дегеніміз - биологиялық ата-анасы бар, бірақ ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала болып табылады [5, 314-318 бб.].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында интернаттық білім беруді ұйымдастыру, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, жетім, панасыз балалар мәселесі қарастырылған. Атап айтқанда, онда «Интернаттық ұйымдар – белгілі бір категориядағы азаматтарға тұратын орын беріп, білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта, білім беру жүйесінің мекемелері» – деп анықтама беріледі. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары – ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, оларды уақтылы орналастыру мүмкін болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды, қорғаншылық және қамқоршылық органы балалардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе қамқорлыққа алған басқа адамдардан алып қойған балаларды, арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін балаларды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қабылдауды және уақытша ұстауды қамтамасыз ететін, білім беру органдарының қарамағындағы ұйым (1 бап, 27) 28-1) тармақ).

Жетім балалар мен ата-анасының (заңды өкілдерінің) қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары мыналар:

- 1) балалар үйі;

- 2) даму мүмкіндіктері шектелген балаларға арналған балалар үйі;

- 3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат;

- 4) отбасы үлгісіндегі балалар үйі;

- 5) отбасы үлгісіндегі балалар ауылы;

- 6) пана үйі;

- 7) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы;

- 8) жасөспірімдер үйі (әлеуметтік бейімдеу орталығы) және басқалар [7].

Қазіргідей елімізде экономикалық жағдай жақсарып, елдің тұрмысы түзеле бастаған тұста бала мен отбасылық мүдделер ескеріліп, интернат типтес балалар үйлерінен басқа да қамқорлықтың баламалы түрлері көбейе бастады. Мысалы, патронаттық тәрбие. Патронат-ата-анасыз қалған баланы өз отбасына аламын деген адам мен мемлекеттік ұйым арасындағы келісім-шарт арқылы жүзеге асырылатын тәрбие формасы. Содан кейін патронаттық келісім-шарттарға көрсетілген уақыт бойында баланы патронаттық ата-анасы тәрбиелейді [8].

Патронаттық тәрбие - балалар үйіндегі жетім балаларды әлеуметтендірудің және оларға отбасы жағдайында тәрбие берудің бірден-бір көзі.

Дегенмен, қоғамның дамуы әрбір тұлғаның бойындағы ізгі қасиеттерінің сапасына, әлеуметтенуі мен оның жалпы адамзаттық құндылықтарды игеру және қоғам игілігі үшін пайдалану қабілетіне байланысты болады. Сондықтан, жас ұрпақты қоғамға әлеуметтендіру барысында олардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіре отырып, олардың ар-намысына тимеуге, абыройларын, ар-ождандарын құрметтеуге рухани-адамгершілік пен әдептілікке баулу, адамды сүйе, сыйлай, құрметтей, қадірлей білуге үйрету, қоғамның шынайы иесі болуға талаптандыру қажет. Балалар үйінде оларды әлеуметтендіру және тәрбиелеуде оның ең тиімді жолдарын, құралдары мен тәсілдерін саралауға ең алдымен ұстаздар мен тәрбиешілердің әрбір жас жеткіншек ұрпақтың жас мөлшерін, мінез-құлқын, тұлғалық қалыптасатын кезеңдерінің психологиялық ерекшеліктерін үнемі ескеріп, зерттеп отыруы әрбір ұстаздың, тәрбиешінің кәсіби міндеттеріне айналуы тиіс.

Соңғы жылдардағы көптеген әлеуметтік зерттеулер балалар үйіне орналасқан балалар мен бітірушілердің әлеуметтік бейімделуінің күрделі мәселелері барын көрсетті. Бұл мәселелерді шешу бүгінгі таңдағы кезек күттірмес міндеттердің бірі.

Сондықтан да педагогикалық тұрғыдан бұл мәселе қазіргі уақытта әр-түрлі себептермен отбасынсыз қалған, жетім балалардың қоғамға бейімделуі, әлеуметтенуі үшін өзекті болып саналады.

Заманауи жағдайда ата-анасының қарауынсыз қалған, яғни жетім балалардың қалыпты отбасындағы балалардан қабілеті, мәдениеті, әлеуметтік ортадағы рөлі төмен болады деген қате стереотип қабылданған. Алайда бұл жасөспірім бойындағы әлеуметтену процесінің дұрыс жүру-жүрмеуіне тікелей байланысты. Егер жасөспірім әлеуметтену процесін дұрыс әрі қалыпты қабылдаған жағдайда ол өзі өмір сүріп отырған ортасының, қоғамның сенімді әрі белсенді мүшесі, өз мүмкіндіктеріне сенетін және оны қолдана білетін, потенциалы жоғары, өзіндік ойы қалыптасқан қалыпты тұлға ретінде қалыптасады.

Қорыта айтқанда балалар үйіндегі ата-ана қамқорлығынан айрылған балалардың тұлғалық дамуының табиғи механизмдерінің сақталынуына үнемі қолдау көрсетіліп, әлеуметтенуіндегі болуы ықтимал қиындықтардың алдын алу үшін жағдай жасалуы, өзіндік даму, өзіндік көмекке қажеттілікті қалыптастыру және айналадағы адамдар тарапынан болатын қолдауды қабылдай алу қабілетін дамытуға осындай мекемелердегі педагогтардың басты назарында болуы керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру мекемелерінде балаға достастық ортаны қалыптастыру технологиялары: Оқу құралы / А.Қ. Құсайынов, Ж.И. Намазбаева, А.Т. Құнанбаева, Ә.Б. Садықова. – Алматы: ROND&A баспасы, 2009 ж. – 112 б.
2. Назарбаев Н.А. «Қазақстан-2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы / Егемен Қазақстан. - Алматы, 11 қазан 1998.
3. Мәліметтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми сайтынан алынған / edu.gov.kz/ru
4. Әлеуметтік педагогика тарихы : (оқу құралы) / Ғабит Уапұлы Қабекенов, Бақыт Әзімханқызы Есенбаева.- 2-ші бас.- Алматы: Қарасай, 2011.-228 б.
5. Социальная педагогика: Курс лекций /Под общей ред. М.А. Галагузовой. - М., 2000. - 192 с.
6. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы
7. «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 Бұйрығы.
8. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.